



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

27.10.2017 ж.

№ 11 4-т.

**Кәсіподақ органдары мен ұйымдарында
ақпараттық жұмыс тиімділігін арттыру
жөніндегі шаралар мен жұмыс жағдайы туралы**

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ төрайымының орынбасары А.М.Мұқашеваның «Кәсіподақ органдары мен ұйымдарында ақпараттық жұмыс тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар мен жұмыс жағдайы туралы» ақпараты мәліметке алынсын.

2. Ақпараттық қызмет тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында мүшелік ұйымдарға:

- кәсіподақ органдарының кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау саласындағы қызметін жан-жақты жариялау, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекет нысандары мен әдістерін, тәжірибесін жетілдіру; журналистер арасында кәсіподақ өмірін үздік жариялауға байқау-сайыстар ұйымдастыру;

- облыстық, аумақтық ұйымдарда ақпараттық жұмысты жүргізуге жауапты тұлғаларды тағайындау, аудандық, қалалық кәсіподақ ұйымдарымен ақпарат алмасуды реттеу;

- мүшелік кәсіподақ ұйымдарының қызметі туралы ақпаратты үнемі жинақтау, ақпараттық-әдістемелік бюллетеньдерді жүйелі шығару мен таратуды қамтамасыз ету, кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік-экономикалық қорғау және кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру саласындағы кәсіподақ органдарының жұмыс дағдысы мен тәжірибесін үйрену;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарында ақпараттық жұмысты жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау, үндеу парақтарын шығаруды, «Кәсіподақ өмірі» стендтері мен бұрыштарын ресімдеуді белсендендіру;

- ақпараттық жұмысты жүзеге асыру жөніндегі кәсіподақ ұйымдарының қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету, салалық кәсіподақта бірыңғай ақпараттық жүйені құруға, мүшелік ұйымдардың жұмыс тәжірибесіне ақпараттық материалдармен өзара электрондық алмасуды реттеу мақсатында заманауи ақпараттық технологияларды енгізуге ықпал жасау;

- салалық кәсіподақ басшылығының кәсіподақ өміріндегі аса маңызды оқиғалар бойынша журналистермен радио- және телевизиялық бағдарламалар (тікелей эфир, «жедел желі» және т.б.), кездесулер, баспасөз конференциялары мен брифингтер өткізуін белсендендіру; қажет жағдайларда еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайларының, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің өзекті мәселелері бойынша Кәсіподақтың өтініштерін, жолдауларын тарату;

- кәсіподақ БАҚ-та халықаралық қызмет саласындағы салалық кәсіподақтың қызметін, оның өзара тәжірибелік мүддені білдіретін ақпарат алмасу жөніндегі Халықаралық білім кәсіподақтарының бірлестігімен, Еуропалық білім кәсіподақтарының комитетімен, ұлттық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақтарының баспасөз қызметтерімен байланыстарын тұрақты түрде жариялау ұсынылсын.

3. Қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары А.М.Мұқашеваға жүктелсін.

Төрайым

М.Амантаева